



Атауы	Қазақстан Республикасының автожол саласын дамытудың 2001-2005 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы
Әзірлеу үшін негіз	"Қазақстан Республикасының автожол саласын дамытудың 2001-2008 жылдарға арналған тұжырымдамасы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 29 мамырдағы N 726 қаулысы
Негізгі әзірлеуші	Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі
Мақсаты	Автожол саласын дамытудың 2001-2005 жылдар кезеңіне арналған мемлекеттік саясаты басымдықтарын айқындау
Міндеттері	Жалпы пайдаланыстағы халықаралық және республикалық маңызы бар автомобиль жолдарының (бұдан әрі - халықаралық және республикалық маңызы бар автожолдар) негізгі бағыттарын және оларды модерлендіру жөніндегі жұмыстар көлемін анықтау; автомобиль жолдарын басқару мен қаржыландыру жүйелерін жетілдіру және бөлінетін ресурстарды пайдаланудың тиімділігін арттыру; озық технологияларды енгізу, жол жұмыстарының сапасын, қозғалыс қауіпсіздігін, жол бойындағы автосервис деңгейін арттыру, қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар кешенін орындау; автожол саласы қызметінің нормативтік құқықтық базасын жетілдіру.
Бағдарламаны іске асырудың негізгі бағыттары	Жүк тасымалы қауырт бағыттарда бұзылған жол учаскелерін оңалту, апатты көпірлерді қайта жаңарту, транзиттік бағыттарда жекелеген жол учаскелерін салу; жолдарды алдын ала ағымдық жөндеу, сондай-ақ жазғы-қысқы күтіп ұстау жөніндегі жұмыстардың көлемін ұлғайту; жалпы пайдаланыстағы автомобиль жолдары желісін дамытуды жергілікті атқарушы органдармен үйлестіру;

жолдардың жай-күйін әзірлеу деңгейін көтеру,  
баға түзілімін жетілдіру, жол жұмыстарына  
тапсырыстарды конкурстық орналастыру  
негізінде қаражатты неғұрлым тиімді жұмсау;  
автомобиль жолдары құрылысы, жөндеу және  
күтіп ұстау ісінде озық технологияларды,  
материалдар мен тетіктерді енгізу;  
жөндеу-құрылыс жұмыстарының сапасын  
бақылау жүйесін жетілдіру;  
жол бойындағы автосервисті дамыту, қозғалыс  
қауіпсіздігін арттыру, қоршаған ортаны  
қ о р ғ а у ;  
әлемдік практикаға сәйкес республиканың  
автожол саласы қызметінің нормативтік  
құқықтық базасын жетілдіру.

Қаржыландыру Республикалық бюджет қаражаттары.  
көздері мен көлемі Халықаралық және республикалық маңызы бар  
автожолдарға шығыстар сомасы  
2001-2005 жылдары - 234 952,9 млн. теңге  
немесе 1 631,1 млн. АҚШ долларын құрайды.

Күтілетін нәтижелер Бағдарламаның орындалуы:  
1) халықаралық және республикалық маңызы бар  
16 487 км автожолдарды салуға, оңалтуға және  
жөндеуге мүмкіндік береді, мұның өзі  
төсемдері бүлінген жол учаскелерін қалпына  
келтіруге және халықаралық және  
республикалық маңызы бар автожолдардың  
70%-ның техникалық - пайдаланылу  
жай-күйін жақсартуға;  
2) жол жұмыстарында жұмыс орындарының санын  
32-35 мың адамға дейін өсіруге мүмкіндік  
береді. Бұл ретте (құрылыс материалдары, жол  
белгілері, автокөлік қызметі, жобалық  
жұмыстар және т.б.) жол жұмыстары үшін өз  
өнімдерін және қызметтерін беріп отыратын  
басқа салалардың кәсіпорындарында жұмыспен  
қ а м т у а р т а д ы ;  
3) әлемдік практикаға мейлінше жуықтата  
отырып, автожол саласының қазіргі заманғы



санының көптігі (ұдайы оң нәтижелі бола бермейтін) Қазақстан Республикасында автомобиль жолдарын дамытудың дәйекті мемлекеттік саясатының қажеттігін дәлелдейді.

### **3. Мәселенің бүгінгі таңдағы жай-күйін талдау Республика экономикасындағы автомобиль жолдары**

Автомобиль жолдары - Қазақстанның көлік-коммуникациялық кешенінің маңызды элементтерінің бірі, оның тиімді жұмыс істеуі және тұрақты дамуы бүгінгі таңдағы жағдайда экономиканың өрлеуіне, халықтың тұрмыс жағдайының деңгейін көтеруге және жақсартуға көшудің маңызды факторына а й н а л ы п о т ы р .

Темір жолдар мен су жолдарының салыстырмалы төмен тығыздығы жағдайында Қазақстанда автомобиль жолдары басым, ал көптеген аймақтар үшін тауарлар, құрылыс және агроөнеркәсіп жүктері келіп түсетін, өнімдер әкетілетін, жолаушы тасымалдары жүзеге асырылатын бірден бір қатынас құралы болып т а б ы л а д ы .

Нарықтық жағдайда жүк жеткізуді жеделдету және олардың басы бүтіндігі аса маңызды факторларға айналады. Осы орайда жүк жөнелтушілер, әсіресе жекеше сектор, жақын қашықтық аймағында (300 километрге дейін) ғана емес, сонымен қатар ұзақ қашықтықта (1500-2000 километр) да автомобиль көлігіне қ а й т а б а ғ д а р л а н а б а с т а д ы .

Өнеркәсіп және ауыл шаруашылығы өндірісінің, шағын және орта бизнестің дамуына орай облысаралық тасымалдар, сондай-ақ іргелес мемлекеттермен б а й л а н ы с т а р а р т у д а .

Қазақстанның Еуразия құрлығының кіндігінде орныққан географиялық жағдайы Азия-Еуропа қатынасындағы қалыптасып келе жатқан трансқұрлықтық бағыттардың көлік магистральдарын пайдалану үшін қолайлы алғышарттар туғызады, олардың көпшілігі өзіне қазақстандық автожол желісінің учаскелерін қ а м т и д ы .

Халықаралық талдау орталықтарының бағалауынша, Оңтүстік Шығыс және Шығыс Азия-Еуропа бағыттарындағы транзиттік ағындар 330-400 миллиард АҚШ долларына бағаланады. Бұл ретте транзиттік ағындардың 20%-ға жуығы темір жол және автожол бағыттарымен Ресей Федерациясы және Қазақстан аумағы арқылы өтуі тиіс деп көзделеді. Транзиттік тасымалдар үшін алынатын алымдар - тікелей бюджет кірісі болып табылады.

Экономиканы дамыту міндеттері қуатты көлік - коммуникация желісін құрып , модерлендіруді талап етеді. Осы тұрғыда: халықаралық нарықтарға жаңа көлік бағыттарын тарту; көлік магистральдарын модерлендіру; Батыс- Шығыс және

Солтүстік-Оңтүстік бағытында транзиттік бағыт схемаларын белсендірек енгізу; Каспий инфрақұрылымын озық қарқынмен тарту; Алматы-Астана автожолын қ а й т а ж а ң а р т у а л д а т ұ р .

2000 жылдың соңына республикадағы автокөлік құралдарының паркі 1,3 миллион бірлікті құрады. Жеңіл автокөлік саны 1000 тұрғын адамға шаққанда 68 автомобильге дейін жетті және ұлғая түсуде.

Сонымен бірге автомобиль жолдарының техникалық деңгейінің төмендігінен, жекелеген көпірлердің апатты жағдайынан, қалаларға кіреберіс жолдардағы шамадан тыс нөпірден автомобильдердің жылдамдық мүмкіндіктері іске қосылмайды, жанармай 1,3 - 1,5 есе көп шығындалады, жылжымалы құрамды жөндеу және қызмет көрсету шығындары 2,5 - 3,4 есе өседі, автомобильдердің қызмет ету мерзімі 20-30%-ға қысқарады.

Осының бәрі кәсіпорындар мен тұрғын халық үшін тауарлар, жұмыстар және көрсетілетін қызметтер құнындағы көлік шығынын көбейтеді.

Көліктен тыс салада да, әсіресе агроөнеркәсіптік секторда өнімді тасымалдау кезінде бүлінуі мен жоғалуы (картоп, көкөніс, қызылша, сүт массасынан, малдың тірідей салмағынан 5-7%), сондай-ақ бұзылған автомобиль жолдары бойымен жылжитын автомобильдердің егін алқаптарын құртуы мен шаңға бөктіруі салдарынан өндірістік емес шығындар көп.

2000 жылдың басында Қазақстанда 75 мыңға жуық нарыққа бейімделген ауыл шаруашылық құрылымдары жұмыс істеді, олардың 98%-ы жеке меншікке негізделген және де олардың қызметінің тиімділігі жолсыздық салдарынан жапаш е г у д е .

Тұтас алғанда жолдардың қанағаттанғысыз жай-күйінің салдарынан келген экономикалық залалды сарапшылар 1997 жылдың бағасымен 83 миллиард теңгеге бағалап отыр ("Қазақстан автомобиль жолдарының ақ кітабы", 1997 жыл)

Экономикалық шығындардан басқа жолдардың жай-күйі нашарлауының әлеуметтік зардаптары бар. Жыл сайын жалпы пайдаланыстағы жолдарда жол-көлік оқиғаларынан 900-ден астам адам қаза табады және 3 600-і жарақат алады. Қолайлы жолдары жоқ шалғай елді мекендерден жастар ағылып кетуде және осыған байланысты кенттену тұтас проблемалар кешенін туғызып отыр.

Жолдардың нашар жай-күйі қоршаған ортаға теріс әсер ететін зиянды заттардың атмосфераға таралуын ұлғайтады.

Алдыңғы екі жылда өндірістің жандануына байланысты республиканың автомобиль жолдарында көлік ағынының артуы байқалады. Қазақстанның Экономикалық дамуының 2001-2005 жылдарға арналған индикативтік жоспарына сәйкес экономиканың 45,6%-ға өсуі болжануда. Практика көрсетіп отырғандай, өндірістің 1% өсімі тасымал көлемінің 1,5-1,7%-ға дейінгі өсіміне

әсер етеді, бұл өндейтін салаларда, құрылыс және агроөнеркәсіп кешендерінде шикізат пен өнім тасымалдарының қайталанбалылығына байланысты.

Республиканың өндіргіш күштерінің дамуы және автокөлік паркінің ұлғаюы автомобиль жолдары желісін барабар дамыту қажеттігін айқындайды. Бұл үшін объективтік алғышарттар ретінде:

- 1) өңдеуші өнеркәсіп көлемінің, құрылыс пен ауыл шаруашылығының өсуімен жалпы ішкі өнімнің өсуі;
- 2) жүк және жолаушы тасымалдары көлемінің артуы;
- 3) ұйымдардың және тұрғындардың автомобиль паркінің ұлғаюы;
- 4) транзиттік тасымалдарды арттырудың ықтимал мүмкіндіктері қызмет етеді.

### **Жолдардың жай-күйінің сипаттамасы**

Қазақстанда автомобиль жолдарының ұзақтығы 128 мың километрді құрайды. Олардың 85,6 мың километрі - жалпы пайдаланыстағы жолдар және 42,4 мың километр - технологиялық жолдар қызметін атқаратын өнеркәсіп орындарына, кеніштерге, фермерлік және орман шаруашылықтарына, басқа да өндірістерге кіреберіс түріндегі шаруашылық жолдар.

Жалпы пайдаланыстағы автомобиль жолдары маңыздылығы жөнінен ұзындығы 12301 километр халықаралық маңызы бар жолдар, ұзындығы 10710 километр республикалық маңызы бар жолдар, ұзындығы 62636 километр жергілікті маңызы бар жолдар болып бөлінеді.

Халықаралық және республикалық маңызы бар жолдар жалпы пайдаланыстағы жолдардың 27%-ын ғана құрайтынына қарамастан, оларға автокөлік тасымалының 50%-ы тиесілі.

Республикада өзінің сұлбасы мен ұзындығы бойынша жалпы пайдаланыстағы жолдар желісі негізінен қалыптасқан. Оны толықтыру үшін іргелес мемлекеттермен қосатын учаскелер (Бейнеу - Ақжігіт - Нүкіс, Қызылорда - Үшқұдық - Бұхара, Ақтау - Бекдаш - Түркменбашы, Ұзынағаш - Быстровка (Кемин), сондай-ақ Ресейге шығатын бірқатар жолдар) салу қажет.

Автомобиль жолдарының техникалық жағдайы 2-қосымшада (1-кесте) көрсетілген. Жалпы пайдаланыстағы жолдардың үлкен бөлігі - 65% асфальтты-бетонды және қара қиыршық тасты, 29,3% - ұсақталған қиыршық тасты жолдар, бүгінде төсемсіз, яғни топырақты күйінде барлық желінің 5,3 п а й ы з ы қ а л ы п о т ы р .

Халықаралық және республикалық маңызы бар автомобиль жолдарының деңгейі орташадан біршама жоғары - мұнда жол сілемінің 91% қатты төсемді, 7,7% қиыршық тас төсемді және 1,3% топырақты жол үзіктері. Халықаралық

және республикалық маңызы бар автожолдардың көп бөлігі (86%) II-III техникалық санатқа жатады әрі көлік жүретін бөлігінің ені 7-8 метр болатын екі қозғалыс жолағы бар. I техникалық санаттағы (4 қозғалыс жолағы) жолдар 685 километрді құрайды (3,3%) - бұлар, негізінен, облыс орталықтары мен ірі елді мекендерге кіреберістер.

Жалпы пайдаланыстағы жолдардың едәуір үлкен сілемінің (25087 километр) төсемі өтпелі тұрпатты, оның ішінде 1759 километрі халықаралық және республикалық маңызы бар автожолдар. Жолдардың 4580 километрі төсемсіз (топырақ күйінде), оның ішінде 310 километрі - халықаралық және республикалық маңызы бар автожолдар желісінде (3, 8-қосымшалар). Аталған жол учаскелері қозғалыс жылдамдығы бойынша да, автомобиль білігіне түсетін салмақ бойынша да талаптарға жауап бермейді әрі жол қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз ете алмайды.

Аумақтық тұрғыда алғанда автомобиль жолдарының республиканың аймақтары бойынша тең бөлінбеуі орын алады. Мысалы, Батыс Қазақстанның стратегиялық перспективалы аймағында (Батыс Қазақстан, Ақтөбе, Атырау, Маңғыстау облыстары) жалпы пайдаланыстағы автожолдар ұзындығы елдегі жолдардың 20%-ын құрайды. Бұл ретте аймақ жолдарының 13%-ы топырақ күйінде, бұл орташа көрсеткіштен 2,6 есе нашар.

Саланың басты техникалық проблемасы - жол төсемдерінің салмаққа төзімділік қабілетін үдемелі түрде жоғалтуы. Қазақстанда жолдардың едәуір бөлігі (86%) 60-80 жылдары, сол кезеңнің нормативтік талаптары бойынша автомобиль білігіне түсетін салмақ 6 тоннадан аспайтын мөлшермен жобаланып салынған. Бүгінде жүріп өтуі үшін төлем алынбайтын білікке түсер салмақ 10 тоннаға дейін жеткізілген, бірақ республиканың транзиттік бағыттары бойынша осы салмақтан асатын көлік жүреді, ал асқаны үшін көзделген төлем жолдарға келтірілетін залалды өтемейді.

Осы орайда бірінші кезекті міндеттердің қатарында республикада таяудағы бес жылға автомобиль жолдары мен көпірлердің техникалық мүмкіндігін ескере отырып, автокөлік құралдарын өткізу үшін шекті жол берілетін салмақ параметрлерін белгілеуге байыпты қағидат қажет. Бұл жолдардың одан әрі бүлінуін тоқтатуға мүмкіндік береді.

2001 жылдың басына (2000 жылғы күзде жолдарды техникалық тексеру) халықаралық және республикалық маңызы бар автожолдардың 5348 километрі немесе 23%-ының төсемдерінде қауіпті ақаулар бар және бұзылу сатысында тұр. ( 5 - қ о с ы м ш а ) .

1993 жылмен салыстырғанда қозғалыс үшін қауіпті учаскелер саны 6 еседен артық өсті, бұл да жолдардың жалпы пайдаланылу деңгейінің нашарлауына дәлел болады. Жалпы халықаралық және республикалық маңызы бар жол

желісінде тексерілген учаскелердің тек 20%-ы ғана берік және тегіс деуге болады (7-қосымша). Мұның өзі Ресейдің федералдық жолдарындағы тиісті көрсеткіштерден 2,5-3 есе нашар.

## **Көпір шаруашылығы**

Жалпы пайдаланыстағы автомобиль жолдарында 3099 көпір және жалпы ұзындығы 117,6 мың текше метр жол өткелдері бар (2-қосымша 2-кесте), олардың 95% металдан және темір бетоннан, 5% ағаштан. Көпірлердің неғұрлым көп саны Алматы (100 километр жолға 6 көпірден), Шығыс Қазақстан, Ақтөбе, Оңтүстік Қазақстан облыстарында.

Тексеруден өткен халықаралық және республикалық маңызы бар автомобиль жолдарындағы 947 көпірдің 224-і (22%) қанағаттанғысыз күйде және олардың сенімділігі 80%-ға ғана қамтамасыз етілген. 65 көпір жұмыс жүк көтерімділігі жобаланғаннан 50 және одан төмен пайыз апатты режимде пайдаланылады және жол берілетін салмақ пен габариттен асатын ауыр салмақты және ірі габаритті көлік құралдарын өткізудің ерекше шарттарын сақтауды талап етеді (4-қосымша). Көпірлердің жай-күйі 2-қосымша (3-кесте) бейнеленген. Әдетте, қанағаттанғысыз және апатты күйдегі көпірлер 1957- 1965 жылдары сол кезеңнің нормативтік талаптары бойынша салынған және өз ресурстарын түгескен.

Көпірлердің жалпы санының 30%-ынан астамы көлік жүретін өтетін бөліктің габариті бойынша талаптарға сәйкес келмейді, бұл жол жүрісі қауіпсіздігі ш а р т т а р ы н н а ш а р л а т а д ы .

Тұтас алғанда түсетін салмақ әсерінен және уақтылы жөндеу болмағандықтан , жыл сайын халықаралық және республикалық маңызы бар жолдарда 10-15 көпірдің қанағаттанғысыз қалыптан апатты күйге көшу үрдісі байқалады. Жалпы пайдаланыстағы жергілікті маңызы бар автомобиль жолдарында (бұдан әрі - жергілікті маңызы бар автожолдар) 79 көпір апаттылар қатарына жатқызылған және 510 көпір габариттерге сәйкес келмейді.

## **Халықаралық бағыттар**

Алдыңғы кезеңде республикада тарихи қалыптасқан бағыттар бойынша транзиттік әлеует қалыптасты, оның негізін мемлекетаралық жол қатынасында тасымалдарды қамтамасыз ететін бірқатар көлік бағыттары құрайды. Бұл ретте Қазақстан үшін екі маңызды стратегиялық мәселе шешіледі:

- 1) республиканың ішкіқұрлықтық мемлекет ретінде теңіз порттарына шығуы;
- 2) автокөлікті үш негізгі бағыт бойынша транзиттік өткізу:

- Ресей, Еуропа, Балтық жағалауы елдері;
- Қытай, Жапония, Оңтүстік Шығыс Азия елдері;
- Орта Азия, Кавказ сырты республикалары, Иран, Түркия.

Осы бағыттардағы қазақстандық автожолдардың тиісті бөліктері АТМЭЭК (ЭСКАТО) аясында Экономикалық ынтымақтастық ұйымдары елдері түзетін Азия тас жолдарына (АЛТИД жобасы); ТРАСЕКА жобасына (Еуропалық Одақ), сондай-ақ тізбесі үкіметаралық келісіммен (1998 жылғы 11 қыркүйектегі хаттама) бекітілген ТМД-ға қатысушы елдердің халықаралық автомобиль жолдарының желісіне (2-қосымша 4-кесте) құрамдас бөлім болып кірді.

Сонымен, Қазақстанның автожолдар желісі көптеген мемлекеттерге, ірі порттарға, көлік тораптарына және терминалдарға шығатын автомобиль жолдарының Еуропалық және Азиялық қосалқы аймақтық жүйесіне

ш о ғ ы р л а н ғ а н .

Қазақстанда осы жолдардың жалпы ұзақтығы 12,3 мың километр (9-қосымша )

Қазақстанның транзиттік бағыттары көбінде магистральды жолдарға қойылатын талаптарға жауап бермейді (бөлу және өтпежылдамдық жолақтарының болмауы, түрлі деңгейлердегі көлік айрықтарының аздығы, кедергі қоршаулармен, жол таңбаларымен, жарықпен, жол сервисі объектілерімен қамтамасыз етілуінің жеткіліксіздігі). Олардың техникалық жай-күйі (2-қосымша 5-кесте) келтірілген.

Жолдар сілемінің 5%-ы ғана бірінші техникалық санатта, қалған бөлігі (87%) - бұл II және III санаттағы жолдар, бұған қоса жолдардың 402 километрдей учаскелері топырақ күйінде және 770 километрі ұсақталған қиыршық тасты

т ө с е м д і .

Қазіргі кезде және орта мерзімді перспективада халықаралық тасымалдар алты негізгі бағытта жүзеге асырылады:

- 1) Ташкент - Шымкент - Тараз - Алматы - Қорғас;
- 2) Шымкент - Қызылорда - Ақтөбе - Орал - Самара;
- 3) Алматы - Қарағанды - Астана - Петропавл;
- 4) Астрахань - Атырау - Ақтау - Түркменстан шекарасы;
- 5) Омбы - Павлодар - Семей - Майқапшағай;
- 6) Астана - Қостанай - Челябинь - Екатеринбург.

Транзиттік тасымалдар негізінен Орта Азия республикалары, Ресей, Қытай

а р а с ы н д а жү р е д і .

Жоғарыда көрсетілген негізгі алты бағыттың ұзақтығы 8,3 мың километрді немесе транзитті дәліздердің жалпы ұзындығының 67%-ын құрайды. Жол сілемінің көпшілік бөлігінде (94%) асфальтбетонды және қара қиыршық тасты төсем бар, топырақты жол үзіктері бір бағытта ғана (төртіншіде). Алайда

техникалық-пайдалану сипаттамалары (тегістік және мықтылық) бағыттардың көпшілік бөлігінде қанағаттанғысыз, бұл (2-қосымша 6-кесте) көрінеді.

Алты бағыттағы 443 көпірдің 38 көпірі (4906 қума метр) ауыр салмақты және ірі ауқымды көлік құралдарын өткізудің айрықша режимінде, соның ішінде Талас, Ассы, Бадан, Елек, Ырғыз, Орал өзендері арқылы өтетін көпірлер де апатты және апат алдындағы күйде.

Жол бойындағы инфрақұрылым объектілерінің (техникалық қызмет көрсету станциялары, автомобильге май құю, тамақтанатын және демалатын орындар) деңгейі өте төмен, мұның өзі тасымалдаушылардың, жолаушылар мен автосаяхатшылардың еңбек етуі мен демалуының қалыпты режимін жасауға септігін тигізбейді. Автокөліктерге сапалы жанармай құйыларына да кепілдік жоқ.

Нәтижесінде қазақстандық бағыттың неғұрлым қысқасының өзі шетел автотасымалдаушысы бағыттарын таңдауда шешуші фактор болмайды.

Транзиттік бағыттардың мәселелерін шешуді бұдан әрі кейінге қалдыру республиканың транзиттік әлеуетін жоғалтуға жетелеуі мүмкін.

Қазіргі таңда күллі іргелес мемлекеттер өздерінің транзиттік бағыттарының дамуына зор көңіл бөлуде.

Ресейде Моңғолия арқылы Қытайға шығатын "Қорған - Есіл - Омбы" автожолы қайта жаңартылуда. Бұл "Қорған - Петропавл - Омбы" учаскесіне балама жол.

Өзбекстанда Қырғызстан арқылы Қытайға (Қашқар) шығатын Ташкент - Әндіжан - Ош автожолының құрылысы басталды. Түркменстан арқылы Каспий теңізіне шығатын Ташкент - Бұхара бағытын қайта жаңарту қаралуда.

Түркменстанда Түркменабад (бұрынғы Чарджоу қаласы) Ашғабат - Түркменбашы теңіз порты бағытында жол жобасы іске асырылуда.

Аталған жобаларды іске асыру халықаралық тасымалдаушыларға өздері үшін тиімді шарттарда бағыттарды таңдауына мүмкіндік береді.

## **Жол жұмыстарын қаржыландыру**

2000 жылға дейін республика жолдарының техникалық жағдайы нашарлауының тұрақты үрдісі жол саласының дәйексіз қаржыландырылуымен байланысты. Егер 1992 жылы халықаралық және республикалық маңызы бар автожолдарға жұмсалған шығындар 798,1 миллион АҚШ долларын құраса, 1999 жылы олар 41 миллион долларға төмендеген (1-қосымша N 1-сурет).

Жыл сайын нормативтерге сәйкес жөндеуді қажет ететін шамамен 10-25% жол ұзақтығы жөнделеді. 1994-2000 жылдары Қазақстанда жол желісінің 1 километріне 1,6 мың АҚШ доллары жұмсалды. Ресейде, Белоруссияда,

Өзбекстанда бұл көрсеткіш 2-4 есе жоғары.

Дамыған батыс елдерінде автомобиль жолдарының 1 километрін жөндеуге және күтуге кететін шығындар: Францияда - 16 мың АҚШ долларын, Германияда - 27,2 мың АҚШ долларын, АҚШ-та - 17,6 мың АҚШ долларын құрайды.

Саланы қаржыландыруды және жөндеу жұмыстарының көлемін қысқарту нәтижесінде төсемдерінде ақаулары бар жол сілемі артты (ой-шұңқырлар, ойдымдар, сызаттар, ойқы-шойқы жолтабаны) (1-қосымша N 2-сурет).

Республикада 1992-1998 жылдары жұмыс істеген Жол қоры соңғы жылдары (1996-1998 жылдары) 100-130 миллион АҚШ долларына тең қаражатты тарта отырып, экономиканың құлдырау кезеңінде саланың белгілі бір дәрежеде өмір сүруін қамтамасыз етуге мүмкіндік берді. Жол қорын реформалаудың және оны нарықтық экономикада жұмыс істеу талаптарына жақындатудың елеулі қадамы 1998 жылдың 1 шілдесінен бастап Жол қорына өндірілетін және сырттан әкелінетін жанармай мен дизельді отыннан: бензиннің 1 тоннасынан 4000 теңге және дизельді жағармайдың 1 тоннасынан 3490 теңге мөлшерінде алым аударып отыру туралы шешімнің қабылдануы болды (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 1 шілдедегі N 623 қаулысы). Осы қаржы көзін енгізу көптеген мемлекеттердің тәжірибесімен қуатталады, онда аталмыш қаржы көзі жол жұмыстарын қаржыландырудың жалпы көлемінің 40-тан бастап 80 пайызына дерлігін құрайды.

1999 жылдан бастап Жол қоры таратылды және жол жұмыстарын бюджеттен қаржыландыру жүзеге асырылады.

2000 жылы жол жұмыстарын қаржыландыру артты. Республикалық бюджеттен 13,9 миллиард теңге бөлінді. 2001 жылы автомобиль жолдарына 24,5 миллиард теңге бағыттау жоспарланып отыр, бұл бұрынғы жылдардағыдан әлдеқайда көп. Алайда қаржыландырудың осы деңгейі алдағы бес жылда сақталғанның өзінде ол халықаралық және республикалық автожолдар желісін қалпына келтіру және оны күтіп ұстау жөніндегі ағымдық шығыстарды қамтамасыз ету үшін жеткіліксіз болады.

#### **4. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері**

2001-2005 жылдардың орта мерзімді перспективасына көзделіп отырған автожол саласын дамыту халықаралық көлік коммуникацияларына кіріккен, жүк және жолаушы тасымалдарын мейлінше аз шығынмен және тиісті сервистік қызметтер кешенімен қамтамасыз ететін экономика мен қоғамның барлық субъектілеріне қол жетімді автомобиль жолдарының тиімді желісін жасаудың құрамдас бөлігі болып табылады.

2001-2005 жылдарға арналған Бағдарламаның мақсаты автожолдар саласын

дамытудың 2001-2005 жылдар кезеңіне арналған мемлекеттік саясаттың басымдықтарын айқындау болып табылады.

Осы кезеңнің міндеттері:

1) халықаралық және республикалық маңызы бар автожолдар желілерінің негізгі бағыттарын және желілерді модерлендіру бойынша жұмыс көлемін айқындау;

2) автомобиль жолдарын басқару және қаржыландыру жүйелерін жетілдіру және бөлінген ресурстарды пайдалану тиімділігін арттыру;

3) озық технологияларды енгізу, жол жұмыстарының сапасын, қозғалыс қауіпсіздігін, жол бойындағы автосервис деңгейін арттыру, қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар кешенін орындау;

4) автожол саласы қызметінің нормативтік құқықтық базасын жетілдіру болып айқындалды.

## **5. Бағдарламаны іске асырудың негізгі бағыттары және тетігі Халықаралық және республикалық маңызы бар автожолдар желісін модерлендірудің басым бағыттары және желілерін жаңарту бойынша жұмыстар көлемі**

Қолда бар ресурстарды шоғырландыру қамтамасыз етілетін басым бағыттар болып мыналар айқындалады:

1) алдыңғы кезеңде басталған объектілерді салу мен оңалтуды аяқтау;

2) облысаралық және аймақаралық көлік байланыстарын қамтамасыз ететін жүк тасымалы қауырт бағыттарда бұзылған учаскелерді қайта жаңарту және күрделі жөндеу;

3) апатты көпірлерді қайта жаңарту;

4) перспективалы және транзиттік бағыттарда жекелеген жол учаскелерін салу;

5) автомобиль жолдарын алдын ала профилактикалық жөндеу, сондай-ақ қысқы күтіп ұстау жұмыстарының көлемін ұлғайту.

Автомобиль жолдарын жыл сайынғы техникалық тексеру және жол төсемдерінің беріктігі көрсеткіштерін құрал-аспаптар бойынша бағалау материалдары және орындалған техникалық-экономикалық негіздемелер бойынша қайта жаңарту мен жөндеуді талап ететін жол желілерінің бөліктері айқындалды.

2001-2005 жылдарда алты негізгі жүк тасымалы қауырт магистральда 3 801 километр жолды оңалту, салу, қайта жаңарту көзделіп отыр, оның ішінде: оңалту - 1 255 километр, қайта жаңарту - 2050 километр; қиыршық тас төсемді қара қиыршық тас төсеммен ауыстыру - 396 километр; жаңа жол учаскелерін салу -

100 километр. Бұл жұмыстардың көлемі бағыттар тұрғысында 2-қосымша 7-кестеде көрсетілген.

Басқа халықаралық және республикалық маңызы бар автожолдарда: оңалту - 502 километр, 393 километр төсемдерді күрделі жөндеу, 7429 километрді орташа жөндеу, Қызыләскер-Киров (54 километр), Лениногор-Ресей шекарасы (62 километр), Бейнеу-Ақжігіт-Өзбекстан (31 километр), Үшарал-Достық жолын қайта жаңарту (184 километр) және Қызылорда-Жезқазған жолы учаскесінің (187 километр) төсемін қара қиыршық тас төсеммен ауыстыру жоспарланып отыр. Аталған жұмыс көлемі 8-кестеде келтірілген.

65 көпірді қайта жаңарту, Орал қаласындағы Орал өзені арқылы өтетін көпір құрылысын аяқтау, Қызылорда қаласы ауданында Сырдария өзені арқылы өтетін көпір және Астрахань-Атырау автожолында Қиғаш өзені арқылы өтетін көпір салу көзделіп отыр.

Батыс Қазақстан автомобиль жолдарын дамытуға басты мән беріледі. Атырау - Орал, Орал - Ақтөбе - Ақтөбе - Қарабұтақ - Қостанай облысының шекарасы, Қарабұтақ - Ырғыз - Қызылорда облысының шекарасы, Атырау - Ақтау бағыттарындағы автожолдар учаскелерін, сонымен қатар Ресей Федерациясының (Орал - Самар және Атырау - Астрахань), Өзбекстанның (Бейнеу - Ақтау) және Түркменстанның (Ақтау - Түркменбашы) шектескен аймақтарына шығатын автожолдар учаскелерін қайта салу көзделіп отыр. Батыс Қазақстанның халықаралық және республикалық мәндегі жолдарындағы барлық апатты көпірлер қайта салынады.

Тұтас алғанда халықаралық және республикалық маңызы бар автожолдар желісіндегі жол жұмыстарына қажетті шығындар 2001-2005 жылдарға - 254,9 миллиард теңгені немесе 1580, миллион АҚШ долларын құрайды.

2001 жылдың жоспарында республикалық бюджеттік бағдарламалар бойынша 24,5 миллиард теңге (166,7 миллион доллар) көзделген. Қалған кезеңге (2002-2005 жылдар) жол жұмыстарына жыл сайын орташа алғанда 57,6 миллиард теңге немесе 353,3 миллион АҚШ долларын бағыттау қажет.

Көзделген шаралардың нәтижесінде мынадай жұмыс көлемі орындалады: 1757 километрді оңалту; 3064 километрді қайта жаңарту; 11 312 километрді күрделі және орташа жөндеу (9-кесте); 65 көпір қайта жаңартылады; 583 километр қара қиыршық тас тұрпатты төсемге ауыстырылады; 259 километр жаңа жол салынады.

Барлығы 16 133 километр халықаралық және республикалық маңызы бар автожолдардың техникалық жай-күйі жақсартылатын болады.

Жолдарды жөндеудің аталған көлемдері жол төсемдерінің жөндеуаралық қажетті қызмет ету мерзімдері бойынша 65-70% құрайды. Бұлар халықаралық және республикалық маңызы бар автожолдар желісінің негізгі жүк тасымалы

қауырт және перспективалы бағыттарының техникалық-пайдалану көрсеткіштерін қалпына келтіру үшін бірінші кезекті болып табылады.

## **Автомобиль жолдарын басқару мен қаржыландыру жүйесін жетілдіру және бөлінген ресурстарды пайдалану тиімділігін арттыру**

2001-2003 жылдары халықаралық және республикалық маңызы бар автожолдар мен көпірлердің жағдайы туралы деректер банкінің негізінде қолда бар ресурстарды аймақтар мен бағыттар бойынша жолдарды салуға, жөндеуге және күтіп ұстауға, жобалауға және тиімді бөлуге мүмкіндік беретін жолдардың көлік - пайдаланылу жай-күйіне диагностика жасау және болжау жүйесін пысықтап, қолданысқа енгізу ісі алда тұр.

Көлік және коммуникациялар министрлігінің жол саясатын автомобиль жолдарын басқару жөніндегі жергілікті атқарушы органдармен үйлестіруі республикада ортақ пайдаланыстағы жолдардың қызмет етуі жөніндегі міндеттерді неғұрлым тиімді шешуге мүмкіндік береді.

Бұл өзара іс-қимыл мынадай жолдармен жүзеге асырылмақ:

1) автомобиль жолдарын дамытудың бағдарламаларын бірлесіп әзірлеуге қ а т ы с у ;

2) жол шаруашылығының нормативтік және құқықтық базасын дайындау;

3) жергілікті маңызы бар автожолдар құрылысы (қайта жаңарту) туралы ш е ш і м д е р д і ү й л е с т і р у ;

4) жолдарды жөндеумен және күтумен айналысатын жол саласы мамандарының біліктілігін арттыру жөніндегі бірлескен шараларды әзірлеп іске а с ы р у ;

5) жергілікті маңызы бар жолдарды және көпірлерді тексеру, деректер банкіні түзу, жолдарды жөндеу мен күтіп ұстаудың жаңа технологияларын енгізу, экологиялық қауіпсіздік, техникалық бақылауды жүзеге асыру мәселелерінде а й м а қ т а р ғ а ж ә р д е м к ө р с е т у .

Ресурстардың пайдаланылу тиімділігін арттыру мақсатында мыналар к ө з д е л е д і :

1) жол жұмыстарының бағасын төмендететін жаңа техника мен алдыңғы қатарлы технологияларды енгізуді ескере отырып жол құрылысында, жөндеуде және күтіп ұстауда нормаларды және бағалауды қайта өңдеу;

2) жолдарды жобалау, салу, күрделі және орташа жөндеу тапсырыстарын орналастыруды конкурстық негізде іске асыру, мұның өзі кәсіпорындардың меншік түріне қарамастан жол жұмыстарының нарығына біліктілігі жоғары орындаушыларды іріктеп алу мүмкіндігіне тең қол жеткізуді қамтамасыз етеді;

3) автожол саласында қаражат пен мемлекеттік мүліктің мақсатты және тиімді пайдаланылуын тексеру тетігін қатаңдату.

Нарық талаптарына қатысты автожол саласын одан әрі реформалау автомобиль жолдарын дамытудың қаржылық базасын жетілдіруді талап етеді.

Бұл жоспарда 2002-2003 жылдары халықаралық сарапшылардың қатысуымен әлемдік практикаға сәйкес орталық атқарушы органдарда және Республика Үкіметінде қарау үшін автомобиль жолдарын қаржыландыру жүйесін жетілдіру жөніндегі ұсыныстар әзірленеді.

Бұл ретте автомобиль жолдарын салу, қайта жаңарту, сондай-ақ бірқатар ақылы жол объектілерін құру мақсатында банк, сақтандыру, басқа да қаржы институттарының қаражатын тарту, бағалы қағаздар шығару мүмкіндігін қарастыру көзделеді.

Ақылы объектілер ретінде қолданыстағы немесе салынып бітпеген автомобиль жолдары, көпірлер және жолөтпелер, сондай-ақ жаңадан салынатын осы іспеттес объектілер қарастырылуы мүмкін. Ақылы жолдар, көпірлер, жолөтпелер салу осы бағытта ақысыз балама жолсапар болған ретте мүмкін.

Жолсапар үшін төлемақы мөлшері сапардың жайлылығын арттыру және жылдамдықты жоғарылату, тасымалдардың өзіндік құнын төмендету, жолда болу уақыты мен жанармай шығынын қысқарту, сондай-ақ жол-көлік оқиғаларының қатерін азайту есебінен жол пайдаланушылар алатын пайданы ескеруге тиіс.

Ақылы жол объектілерін салу және пайдалану үшін тиісті құқықтық және нормативтік база даярлануы керек.

### **Озық технологиялар**

Жолдар мен көпірлерді салу және жөндеу кезінде құрылыстардың қызмет ету мерзімін ұлғайтатын және энергия шығындылығы мен материал шығындылығын азайтуды қамтамасыз ететін жаңа конструкциялар мен технологияларды енгізуге ден қойылады. Бұл сызатты-жарықшақты жол жабынын қалпына келтіру, жол төсемдерін салқын фрезерлеу және жол төсемдік материалдарды қайта пайдалану әдісімен тегістеу жөніндегі технологиялар мен жабдықтар.

Жол-құрылыс материалдарының сапасын жоғарылату маңызды бағыт болмақ. Бірінші кезекте бұл асфальтбетонның жоғары сапасын және құрылыс мерзімін ұзартуды қамтамасыз ететін катионактивті эмульсиялар негізінде эмульсиялы-минералды материалдарды пайдалану. Ғылыми зерттемелер негізінде асфальтбетон мен мұнай-битумға қойылатын стандарттар талаптарын, оларды Қазақстанның түрлі аймақтарындағы табиғи-климаттық талаптарға қатысты нақтылай түсуді ескере отырып, жетілдіру жоспарлануда.

Мұның қажеттілігін жолдардың жекелеген учаскелеріндегі практика дәлелдеді, асфальтбетонды төсемдерде бірінші-екінші жылдары пайдаланғаннан кейін сызат-жарықшақтар пайда болған.

Жол құрылысында, жөндеуде және күтіп ұстауда жергілікті материалдар және өнеркәсіп өндірісінің үйінді қалдықтары пайдаланылады, бұл жол жұмыстарының құнын төмендетумен қатар қалдықтарды кәдеге жарату және қоршаған ортаны сауықтыру проблемасының шешілуіне жәрдемдеседі.

Ғылыми-техникалық прогрестің осы және басқа да маңызды бағыттарын ғылыми-техникалық жұмыстардың және прогресивтік материалдарды, механизмдер және технологияларды енгізудің жылдық жоспарларына сәйкес әзірлеп, енгізу белгіленіп отыр. Жол техникасы паркін жаңалауды мыналарды ескере отырып жүргізу көзделеді:

1) автомобиль мен пневмодоңғалақты тартқыштар базасында кешенді жол машиналарын қолдану есебінен парктің номенклатурасын азайту және оны біріздендіру;

2) ауыспалы аспалы жабдықтарды кеңінен қолдану, сондай-ақ дәстүрлі машиналарға қосымша жұмыс органдарын орнату;

3) пневмодоңғалақпен жүретін машиналарды пайдалану есебінен икемділігін арттыру.

Осының бәрі автомобиль жолдарын жөндеу және қысқы-жазғы күтіп-ұстау жөніндегі жұмыстарды жаңа сапалық деңгейде орындауға мүмкіндік береді.

### **Жол жұмыстарының сапасын көтеру**

Құрылыс және жөндеу жұмыстарының сапасын жоғарылату жол саласында жүргізілетін техникалық саясаттың басым бағыттарының бірі болып табылады. Бұл бағытта техникалық нормативтер, үдемелі нормалар мен негізделген жобалаудан бастап салу мен пайдалануға дейінгі барлық сатыда құрылуының толық болуын қадағалауды ұйымдастыру ережелерін негізделген жұмыс сапасын басқарудың жинақты жүйесін құру орталық буын болып табылады.

Бұл жүйенің негізгі бөлшектері болып мыналар саналады:

1) құрылыстың инженерлік дайындығы, нормативтік талаптарға қатаң сәйкестігі өндірістік үдерістердің оңтайлы реттемелерін әзірлеу;

2) мердігерлік шарттарына орындалған жұмыстарды кепілдік міндеттемелермен және жолдарды салу, қайта жаңарту, жөндеу және күтіп ұстау сапасы үшін жауапкершіліктің басқа да нормаларымен қабылдау талаптарын енгізу;

3) алдыңғы қатардағы отандық және шетелдік тәжірибелерді кеңінен қолдана отырып, жол құрылысын жоғарғы сапамен, пайдалану сенімділігімен және

төзімділікпен қамтамасыз ететін тиімді технологияларды қолдану;

4) үдемелі материалдарды, соның ішінде беткі - белсенді заттардың жаңа түрлерін, жол тұтқырлығын және белгілеу материалдарын, асфальтті бетонның және жол сапасын көтеруге әсер ететін жол битумын, жол мастикаларын түрлендірушілерді қолдану;

5) жол бетондарында және басқа да жол жамылғыларының құрылыс қабаттарында қолданылатын минералды материалдардың сұрыптамасын ұлғайту;

6) тапсырыс беруші (техникалық қадағалау), жобалау ұйымы (авторлық қадағалау), тәуелсіз инжинирингтік ұйымдардың (ірі объектілердің жөнелтпесі) жұмыс сапасын жинақты көп сатылы жүйелі түрде қадағалау;

7) орындалатын жұмыс (кіретін, операциялық, қабылдайтын) сапасын белсенді және қатаң өндірістік қадағалау жүйесін қалпына келтіру;

8) тапсырыс берушінің жер төсемін, жол "киімін", көпір құрылыстарын экспресс-бақылау құралдарымен қоса, қажетті құралдармен және жабдықтармен жабдықталған арнайы лаборатория қызметі құрамындағы әр облыста ұйымдастыруды және жинақтауды 2003 жылы аяқтау.

### **Жол қозғалысының қауіпсіздігін арттыру**

Автожол саласының ең басты міндеттерінің бірі автомобиль жолдарындағы апаттылықты төмендету болып табылады. Жолдарды жөндеуге және күтіп ұстауға бөлінген жалпы қаражат шегінде мыналарды ескере отырып, нақты жұмыстар көлемін жүзеге асыру көзделеді:

1) жолдарда инженерлік жабдықтарды жақсарту, соның ішінде қапталдық кедергі қоршау және қарсы көлік ағындарын бөліп тұратын қоршаулар орнату;

2) апат ошақтарын жою;

3) жол қозғалысына қатысушыларға арналған ақпаратты жақсарту;

4) жолдың қауырт учаскелерінде белгілер орнату;

5) жол-пайдалану ұйымдарында жол қозғалысы қызметі мамандарының біліктілік деңгейін арттыру;

6) метеожағдайлармен хабардар ету жүйесін неғұрлым кеңінен тарату;

7) жол қозғалысының қауіпсіздігі тұрғысынан жолдарды салу, қайта жаңарту және жөндеу жобаларына сараптама жүргізу;

8) жолдарды қысқы күтіп ұстаудың сапасын арттыру.

Жолдарда алдыңғы жылғы апаттылық себептерін талдау негізінде жыл сайын облыстық автомобиль жолдары басқармалары мен негізгі автожол бағыттары тұрғысында жол қозғалысы қауіпсіздігінің деңгейін арттыру жөніндегі жұмыстардың жоспарын бекіту көзделеді.

## **Автосервисті дамыту**

Автомобиль жолдарын қайта жаңарту және жөндеу қауіпсіз жол қозғалысы, жол пайдаланушылардың жұмыс істеу мен демалу жағдайларын және автотуризмді дамыту үшін қажетті шарттар туғыза отырып сервистік қызмет көрсету деңгейін жоғарылатумен ұштастырылады.

Саланы қаржыландырудың қолданыстағы жүйесі мен шағын және орта бизнесті қолдау және дамыту жөніндегі мемлекеттік саясатқа сәйкес жол сервисі объектілерінің екі тобы бөлінді, олардың құрылысы мен қаржыландырылуы тиісті ұйымдық-құқықтық әдіспен әр түрлі көздерден жүзеге асырылады.

Объектілердің бірінші тобы - бұл автомобиль жолы кешеніне кіретін объектілер. Оларға апаттық-шақыру байланысы, автомобильдердің қысқа мерзімді аялдау алаңдары, су көздері, автобус аялдамалары, автопавильондар жатады. Бұл объектілерді салу жол жұмыстарына көзделетін жалпы қаражат есебінен жүзеге асырылады.

Объектілердің екінші тобы - бұл ақылы сервис объектілері (қонақ үйлер, кемпингтер, жанармай құю станциялары, техникалық қызмет көрсету станциялары, тамақтану орындары, терминалдар және т.б.).

Бұл кәсіпорындардың құрылуы мен кеңейтілуі мемлекет тарапынан қолайлы реттеу климатына қоса осы қызмет түріне сұраныспен және ұсыныспен айналады.

Қазіргі кезде бұл саланың дамуында жүйелілік сипат жоқ. Бұл тұрғыда:

1) жұмыс істеп тұрған жол бойындағы сервис объектілерінің жол қозғалысының қауіпсіздігі мен эстетикалық безендірілу талаптарына сәйкестігі тұрғысында негізгі автожол бағыттарын тексеру;

2) жергілікті атқарушы органдардың қатысуымен объектілер ықтимал белсенді орналастырылатын жерлерді белгілеу және олардың игерілу дәрежесіне қарай үлгі жобалық шешімдерді даярлауда, жер бөлуде, жол учаскелерінің және пункттерінің желілік ғимараттарын аумақпен және коммуникацияларымен үйлестіру мүмкіндігінде, сондай-ақ сервис объектілерін белсенді қалыптастырудың басқа да мәселелерін шешуде жәрдемдесу қажет.

## **Экологиялық қауіпсіздікті арттыру**

Автомобиль жолдары және оның олардың бойымен қозғалатын көлік қоршаған табиғи ортаға кері әсерін тигізеді. Ірі елді мекендерге кіреберісте бірқатар жолдарда қозғалыс аса жіті. Нәтижесінде қозғалыс жылдамдығының төмендеуінен және көлік іркіліп тұрған жерлерде көміртегі тотығының ауаға

таралу көлемі оңтайлы жылдамдықпен салыстырғанда бірнеше есе өседі, мұндай жылдамдықты жолдардың қанағаттанғысыз техникалық жағдайы салдарынан жолдардың көпшілігінде қамтамасыз ету мүмкін емес.

Жолдарды қайта жаңарту және жөндеу, қозғалыс қауіпсіздігі жөніндегі іс-шаралар кешенін іске асыру жол жағдайын елеулі жақсартады. Жөнделген учаскелерде төсемнің тегістігі артады, жол табанының ойқы-шойқылығы мен ой-шұңқырлар жойылады, көптеген жол қиылыстарында және автобус аялдамаларында өтпежылдамдық қозғалыс жолақтары жасалған. Мұның өзі көлік ағынының орташа жылдамдығын жоғарылатуға мүмкіндік береді, ол шұғыл тежеусіз және екпіндеусіз, неғұрлым бірқалыпты болады, бұл жол алабындағы шу мен ластану деңгейін төмендетуге әкеледі.

Жол объектілерін салу, қайта жаңарту, күрделі жөндеу процесінде экологиялық мониторинг мыналарды қамтиды:

